

орысша-қазақша училище, бір кластық қолөнер училище, ересектерге арналған кешкі оқу класстары, ауылдық мектептер, ауылдық мектептер курсы қосылған орыс мектебі, шіркеу приход мектебі, шіркеулер сауат ашу мектебі. Бұдан біз Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқының сауатын ашу үшін үлкен – кіші оқитын әр-түрлі жүйедегі мектеп, училище, гимназияларды ашып кеткендігін көреміз.

Ыбырай ашқан мектептер мен училищелер түлектері аттары алты алашқа әйгілі болған жерлестеріміз: Қорғанбек-Әбдібек Бірімжановтар, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Кәрім Тоқтабаев, Әли Жангелдин, Нұрғали мен Назипа Құлжановтар, Аққағаз Досжановалар. Қазіргі таңда Ыбырай арманының орындалғандығы Торғай төріндегі екі класстық орыс-қазақ училищесі екіге бөлініп біреуі-Ыбырай есімімен қазақ орта мектебі болса, екіншісі –Н.Г.Иванов атындағы орыс орта мектебі болып аталды. Кезіндегі қолөнер училищесі кеңес дәуірінде кәсіптік-техникалық училище болды, қазіргі таңда Шоқан Уәлиханов орта мектебі болып аталады. Торғайда Ыбырай мектептерінің шамшырағы жағылуда.

Аудан орталығындағы Ыбырай Алтынсарин мұражайының әр залынан өлкенің зиялы қауымы пір тұтқан Ыбырай бастаған ұстаздар тізбегінің екі ғасырға астасып жатқан өлшеусіз құнды ісіне куә боламыз. Осы мұражайдағы әр залдан өлкенің зиялы қауымы пір тұтқан Ыбырай бастаған ұстаздар тізбегінің екі ғасырға астасып жатқан өлшеусіз құнды ісіне куә боламыз. Осы жердің өзге өңірден өнер мен білімге, мәдениетке жоғары деңгейге көтерілуіне Ыбырай жаққан білім шырағының маздағанына куә боласың. Нақтылай айтқанда Торғайдан мектепте білім алып, ғылым мен өнер әлеміне, әдебиет пен творчестволық үлкен деңгейге жеткен, қазақ деген халықтың даңқын асқақтатып, тұлғасын биіктеткен 100-ден астам ғылым докторлары мен кандидаттары, ондаған ақындар мен әнші жыршы, сазгерлері қанаттанғандығын осы мұражайдағы бай мұрағаттар мен құнды деректер толықтырады.

Мұражайдың әр залының өзіндік атауы бар. Мұражай тарихы, Шығыс жұлдыздары. Далалық оқу мен мұсылманша сауаттану, Ыбырайдың ата-тегі. Балалық шағы мен білім алған ордасы, Ыбырай ағартушы-педагог, баспагер және оның достары, Ыбырай ашқан мектептер тарихы, ізбасарлары мен шәкірттері, Ыбырайға тағзым немесе құрмет.

Мұражай Ы.Алтынсарин өмірі мен қызметін ғана емес, Қазақстанның халық ағарту ісі жүйесінің пайда болу және даму тарихын баяндайды.

Мұражай қызметкерлері Алтынсариннің өмірбаяндық деректерін, педагогикалық, шығармашылық, қоғамдық қызметтерін, халық ағарту саласындағы жетістіктерін жан-жақты насихаттауда еңбек етуде. Ұлы педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсариннің мұраларын насихаттаудан ешқашан жалықпайық.

### Әдебиеттер тізімі

1. **Сыдықов Ә.** Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі. Алматы, 1950 ж.
2. **Ы.Алтынсариннің таңдамалы шығармалары.** Рауан, Алматы, 1991 ж.
3. **Ламашев Ә.** Ы.Алтынсарин. Алматы, 1991 ж.
4. **Ыбырай Алтынсарин.** Қазақ энциклопедиясы. Алматы, 2007 ж.
5. **Оспанұлы С.** Ұлы ұстаз ұлағаты. Қостанай, 2014 ж.
6. **Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық-мемориалды мұражайы.** Торғай, 2005 ж
7. **Ә.Абдуллин** Торғай тарихы Торғай, 2005 жыл

ӨОЖ 17.07.31.(91)

### ЫБЫРАЙ МҰРАСЫ РУХАНИЯТ ӨРІСІНДЕ

**Сүтжанов С. Н.** – филология ғылымдарының докторы, профессор, гуманитарлық жоғары ғылымдар мектебі, Павлодар педагогикалық университеті.

**Сарсенбаева Б. Ғ.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика жоғары мектебінің профессоры, Павлодар педагогикалық университеті.

**Курмангожаева Э. С.** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Тілдерді дамыту орталығы, Алматы Менеджмент Университеті.

Мақалада Ыбырай Алтынсарин мен Алашорда қозғалысының көрнекті өкілдерінің ағартушылық бағыттағы ұстанымдары, ұлт мүддесі жолындағы ой-пікір үндестігі сөз болады. Нақтылай айтқанда, қазақ балаларын сауаттандырып, халқымызды алдыңғы қатарлы елдер санатына қосу сынды арман-аңсарларын іске асыру тұрғысындағы әрекеттері, заманауи мектептер ашып, көбейту, сөйтіп ұлттық идеяның ұрығын сеуіп, тәуелсіздікке ұласты қажырлы еңбектері тізбектелді. Мәселен, қазақтың тұңғыш педагог-жазушының қазақ даласында алғаш мектеп ашып, халық ағарту ісімен айналысуы Алаш зиялыларын ұлы мақсат-міндеттер жолына итермеледі әрі ұлтшыл-

*елшіл көзқарастарының қалыптасуына игі әсерін де тигізді десек болады. Сондай-ақ жазылымда Ыбырай мұрасын насихаттау, оның ел үшін еткен еңбегін жоғары бағалау бүгінгі күннің үлесіне ғана емес, келешектің де еншісінде болуға тиіс екендігі қозғалып, ұлт ұстазының руханият өрісіндегі рөлін айқындау ісі, т.т. болашақта датталу мәселесі де тілге тиек етілді.*

*Кілт сөздері: ағартушылық, көзқарас, мұра, бағыт, ұлт, үндестік, руханият.*

Біз Ыбырай Алтынсаринді ағартушы және бүкіл Алаш қайраткерлерінің ұстазы ретінде білеміз. Осы ретте оның мектебінен білім алып, тәлім-тәрбие көрген тұлғалардың қандай бағытта өсіп-жетілгені туралы айтсақ болады. Шынында, Ыбырай Алтынсарин – қазақтың әдеби-мәдени дүниесін жаңғыртып, жаңа сатыға көтерген алыптардың бірі. Тұңғыш педагог-жазушының қазақ даласында алғаш мектеп ашып, халық ағарту ісімен айналысуы Алаш зиялыларын ұлы мақсат-міндеттер жолына итермеледі әрі ұлтшыл-елшіл көзқарастарының қалыптасуына игі әсерін де тигізді. Нақтылай айтқанда, С.Көбеев, А.Байтұрсынов, М. Дулатов сынды арыстар Ыбырай негізін қалаған мектептің түлектері еді. Қазақ руханиятын жаңа қалыпқа салып, көш ілгері сүйреген үш алып бәйтерегіміз – Шоқан, Ыбырай, Абайларды өздеріне ұстаз тұтты. Ұлт келешегі үшін аса қажетті оқу-ағарту мәселелері зиялы қауым өкілдерін түгел толғандырды. Ұлты үшін ұлардай шулаған ұландар өздері шығарған газет-журнал беттері мен кітаптарда бұл мәселені бірінші кезекке қойды. Олар “алдыңғы соқпақ ағалар” жолын жалғастырып, бәрі дерлік замана сазы, уақыт тезіне орай үн қатты. Сол тұстағы жаңа оқу үлгісі саналған “жәдитті” жақтап, халқын өнер-ғылымға, іргелі ел болуға үндеді.

Ұлт ұстазы – Ыбырай жасөспірімдерді “оқысаңдар, балалар, шамнан шырақ жағылар, іздегенің алдыңнан тілемей-ақ табылар” деп, не “өнер-білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды” деп озық елдерді жастарға үлгі тұтты. Өз кезегінде қазақ оқығандары да осы тарапта ел арасында оқу-білім бағытында үгіт-насихат жүргізіп, халқына қалам қарымымен ғана емес, зайырлы қылығымен де қызмет қылуға тырысты.

Міне, сол Ыбырай салдырған мектеп-медреселерде оқып, сауаттанған, ұлт үшін ұлардай шулаған Алаштың арда ұлдары өздері шығарған газет-журнал беттері мен кітаптарда бұл мәселені бірінші кезекке қойды. Мәселен, «ұлт ұраншысы» атанған М.Дулатұлы: «Оқушыларға жәрдем жамиғаты» атты «Қазақ» газетіндегі мақаласында: «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт оқуда. Теңдікке жетсек те, жұртығымды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман» [1] – деп, кемел келешектің сырын ашады, болашақтың барысын болжайды.

Өрине, бұл мәселелер жөнін сөз еткен бір М.Дулатұлы қана емес. Ана тіліміз бен әдебиетіміздің реформаторы Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларының сауатын ашатын «Өліпби» («Төте жазу») мен тіл үйрететін «Тіл құралы» еңбектерін жазды. Қазаққа қандай мектеп керектігі жайын өзекті мәселе ретінде көтеріп, жұртшылықтың назарын үнемі соған аударуға тырысты. Мәселен: Ахмет те «Қазақ» газетіндегі «Жазу жөндеу» («Қазақ», 1913, №43), «Мектеп керектері» («Қазақ», 1914, №52) т.б. мақалаларында сол кезеңнің көкейкесті проблемаларын көтеруді алға қойды. [2]

Сөйтіп, қазақ оқымыстылары «заманына қарай амалын» жасап, ұлттың ұлы арманын ұлықтап, қалың елдің халін қамдап, азаттық-ағартушылық бағыт ұстанды.

Расында, Ыбырай атамизды оталаушы елдің миссиясын жүзеге асырушы ретінде танитындар бар. Бұл – оның ұрпақты қазақыландыру және ұлттық мектеп қалыптастыру жолындағы еңбегін елемей, тұлғасын тұтас танып, бағаламау еді. Мәселен, Ыбырай атамиздың тікелей қарым-қатынас жасаған ортасы мен қызметіне байланысты әр жылдары әртүрлі ой-пікірлер айтылып, жазылғаны белгілі. Біріншіден, олардың бірі – бұрыс, бірі – дұрыс екенін екшеу бүгінгі біздердің ғана емес, ертеңгі келер ұрпақтың еншісінде демектіз. Екіншіден, мұндай жаңсақ пікірдің пайда болуына ұлт ұстазының достары саналған Ресей империясының отарлау саясатын іске асырушы миссионер-педагогтар В.В.Григорьев пен Н.И.Ильминский сынды орыс оқымыстылары мен лауазымды адамдармен тікелей қарым-қатынас жасауы себепкер деп ойлаймын. Сол тұстағы танымал әрі оқымысты олар Ыбырай Алтынсариннің ғылыми-педагогикалық өрісінің кеңеюіне, игі істерінің алға басуына белгілі бір дәрежеде ықпал етті. Екіншіден, атамиздың мұндай байланысқа баруына басты себеп – өзі алға қойған мақсат-міндеттерге жету жолындағы әрекеті десек болады.

Шындап келгенде, Ыбырай Алтынсарин бар күш-қуатын халықты ағарту, жастарды тәрбиелеу қызметіне жұмсады. Ыбырайдың жазушылық қызметінің сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтастығы да осында болса керек. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітірген зор нысана – қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, оны озық мәдениетті елдердің қатарына қосу болды. Осы жолда ол бойындағы бар күш-қуатын, қабілеті мен білімін сарқа жұмсады. Бұл бағытта тың бастамалар жасап, соған бүкіл саналы ғұмырын арнады. Ыбырай халық ағарту ісінде қандай елеулі орын алса, әдебиет пен мәдениетіміздің тарихынан да сондай екшеулі орын алады. Ол – қазақтың жазба әдебиеті мен тілінің негізін қалаушылардың бірі. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді. Жаңа жанрлар арқылы әдебиетті мазмұны жағынан ғана емес, түр жағынан да дамытты. Оның мағынасы терең тағлымды өлеңдері, қысқа да әсерлі әңгімелері төл сөз өнеріміздің тарихында айрықша орын алды.

Әрине, бұлайтылған әрі жазылған жайттарды жайына қойып, қазіргі кезде Ы.Алтынсарин тұлғасы жоғары оқу орнындарында және мектептерде қалай оқытылып жатқанына тоқталсақ еді.

Ы.Алтынсариннің “Бір Құдайға сиынып, Кел, балалар, оқылық” деген атақты өлеңінен бастап, оның танымдық-тәрбиелік маңызы зор әңгімелері мен аударма шығармалары мектеп оқулықтарынан ойып тұрып, орын алары сөзсіз. Ал, жоғары оқу орындарында, өте-мөте “Қазақ әдебиетінің тарихы” пәнінде Ы.Алтынсарин шығармашылығына арнайы сағат бөлініп, дәріс пен тәжірибе сабақтары белгіленген. Мәселен, “XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті” пәнінде Ы.Алтынсарин шығармашылығына толыққанды тоқталып, оның “Қазақ хрестоматиясы” мен оқу-әдістемелік негізде жазған туындыларымен таныстырып, пайымдаймыз.

Биылғы 180 жылдығының құрметіне орай Ыбырай Алтынсаринды еске қалдырар нақты қандай шаралар өткізу керек деген негізде мыналарды айтсақ болады. Ыбырай мұрасын насихаттау, ел ертеңі үшін еткен еңбегін, асыл сөздерін саралау бүгінгі күннің үлесіне ғана емес, келешектің де еншісінде болуға тиіс. Сондай-ақ, оның руханият өрісіндегі рөлін айқындау да бізге тиесілі міндет, ал болашақ ұрпаққа борыш саналмақ.

Осы тұрғыдан келгенде, өз кезегінде біздің Павлодар педагогикалық университетінде “Ұлағат” атты орталықта Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығына және қоғамдық қызметіне қатысты материалдар негізінде көптомдық кітап құрастыру көзделген болатын. Әрине бірінші кезекте алғашқы қазақ ағартушысының туып-өскен өңіріне, ондағы мұражайларға бару жоспарланды. Қостанай, Арқалық қалаларына іссапармен барып, сіздердің мұражайларыңыздан мол мағлұматтар мен дереккөздерін, суреттер галереясын кездестіріп, ғылыми танымдық мақалалар мен естеліктер тізімін алғанымызды айту лазым. Өйткені Қостанай, Арқалық мұражайлары мен Алматы ғылыми кітапхана қорынан жинастырып алынған материалдардың пайдасы зор болды.

Ал, бес томдық жинақ кітаптар жөнінде айтар болсақ, бірінші том

«Ыбырай Алтынсарин: ғұмырнама» деген атпен құрастырылды. Жинаққа Ыбырайдың шыққан тегі, өскен, тәлім алған ортасы және қызметтік жолы туралы жазылған естеліктер мен мақалалар топтастырылды. Екінші томда ұлы ағартушының қалыптасу жолындағы саяси қызметтері жөніндегі жазбалары мен педагогтік, шығармашылық еңбектері туралы жазылған мақалалар жинақталды. Ал, үшінші том «Ыбырай Алтынсарин және қазақ жазба әдеби тілі» деп аталынды. Мына үшінші том жинағына Ыбырай Алтынсариннің қазақ жазба әдебиеті мен тілінің негізін қалаушы ретіндегі шығармаларына талдау жасаған, сындарлы ой-пікірлер қозғаған тілші, әдебиетші ғалымдардың еңбектері енгізілді.

Ыбырай Алтынсариннің әдеби-педагогикалық мұрасы туралы қаншама дүние жазылса да, аздық етері анық. Олай дейтініміз, уақыт озған сайын, замана сазына орай ұлы ағартушы, көрнекті ақын әрі жазушы мұрасына деген ұрпақ көзқарасы да өзгермек. Бұл – өмір талабы әрі бұлтартпас заңдылық.

Бұл ретте, бес томдықтың төртінші томында ағартушы, педагогтің әлеуметтік, қоғамдық, діни-философиялық, саяси-құқықтық т.б. көзқарастарына қатысты түрлі зерттеулер мен мақалалар жинақталып берілді. Ал соңғы томда дарынды ағартушы, ұлағатты ұстаздың дара тұлғасы сомдалған ертүрлі жанрдағы көркем шығармалар топтастырылды.

Аталмыш көптомдық еңбек Ы. Алтынсариннің мұрасына қызығушылық танытушы жалпы оқырман қауым мен ізденушілердің кәдесіне жарайды деген ойдамыз.

Осы тұрғыда айтамыз, бұл бес томдық кітап университет тарапынан шыққандықтан таралымы аз болды. Сондықтан аталмыш көптомдықтың көп данамен қайта шығуына жоғарғы жақтан, өкімет тарапынан қолдау білдірілсе деген ұсыныс бар.

Сондай-ақ, Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына орай педагогикалық қана емес, барлық ЖОО-да халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізілсе құба-құп болар еді. Және сол тұста мектептерде жаппай “Ыбырай оқулары” өткізілсе, игі іске тірек боларында сөз жоқ.

### Әдебиеттер тізімі

1. “Қазақ” газеті. Құр-лар: Ү. Сүбханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. – Алматы, 1998. – 11 б.
2. Сүтжан С.Н. Алаш және түркі руханияты. Монография. – Алматы, 2008. – 250 бет.

УДК 94 (574)

### «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

*Тапашев М. – ф. ғ. к., доцент, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті.*

*Мақалада «Мәңгілік ел» идеясының қайнар – бастауларына, арғытүп белгілерінежіті назар аударылып, жан – жақты талдау жұмыстары жасалған. Көне дәуірден бастау алатын мәңгілік ел идеясының жыраулық, ақындық поэзияда сабақтаса жалғасуының ерекшеліктері жүйелі қарасты-*